

ҚАСУ колледжінің 17НО-к1 тобының студенті Нишанова Куралайдың Өскемен қаласы әкімдігінің Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі КММ-де өткен «Сынақ және таңдау пәні бойынша іс-тәжірибесі» бойынша есеп.

Іс-тәжірибе өткен уақыт аралығы: 8 сәуірден бастап 25 мамырға дейін 2019ж.

Іс-тәжірибе жетекшісі: Кабдуалиев.Р.Е.

Мазмұны

1. Кіріспе :
2. Орындалған жұмыстың
сипаттамасы
3. Қорытынды

1.

Кіріспе



Өскемен қаласы әкімдігінің Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі коммуналды мемлекеттік мекемесі. 1991 жылы қазан айында Өскемен қаласында мемлекеттік тілде оқытатын алғашқы мектеп ашылды. 1994 жылы мектепке халық ұстазы Құмаш Нұрғалиевтің аты берілді. 2008 жылы мектепке гимназия статусы берілді. 2014 жылы лицей статусы берілді.

Бағыты: жаратылыстану-математикалық

Бағдары: физика-математикалық



Нұрғалиев Құмаш Нұрғалиұлы (1925 – 1988) – педагог, КСРО Халық мұғалімі (1981), 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих факультетін бітірген (1955). 1946 –1957 ж. мұғалім, Марқакөл ауданындағы Сорвенка ұжымдық мектебінің директоры 1957 жылдан өмірінің соңына дейін Боран орта мектебінің директоры қызметін атқарды. Құмаш Нұрғалиұлы - Жауынгерлік Қызыл Ту, Ұлы Отан соғысының I дәрежелі ордені, 5 медальмен, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған, сонымен қатар «КазКСР-ның еңбегі сіңген мұғалімі», «ҚазКСР-нің халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО ағарту ісінің үздігі», «КСРО Халық Мұғалімі» атақтары мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды.

Мектеп директоры



Қ. Нұрғалиев атындағы № 43 мектеп –гимназия директоры. Еңбек өтілі 28 жыл. Көп жылдардан бері басқару саласында еңбек етумен қатар, физика пәні мұғалімі қызметін де абыроймен атқаруда. Мектеп мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін барлық жағдай жасалған. Мектеп – гимназияның материалдық -техникалық базасын нығайтуда заман талабына сай жабдықталған химия, биология, физика, мультимедия кабинеттері оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде үлкен рөл атқаруда. Мектеп-гимназия ұстаздары «Жыл мұғалімі», «Жыл сынып жетекшісі» сайыстарында бас жүлде және ІІ орындарды иеленсе, оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық білім байқауларында, ғылыми- практикалық конференцияларда, спорт, өнер сайыстарында жүлделі орындарды иеленіп жүр.

Шаянбаева Ж.А - өзіне жоғары талап қоя білу, өзіндік тәртіп, алған.еңбекшілдік, жауапкершілдік, көпшілікпен тіл табыса білу сияқты жеке бас қасиеттерімен ерекшеленеді. Жанагул Асқарқызы осындай қажырлы еңбектері үшін қалалық оқу бөлімінің, қала, облыс әкімінің грамотасымен бірнеше мәрте және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл медалімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

2. Орындалған жұмыстың сипаттамасы

Мен, Нишанова Куралай Ануарқызы, 8 сәуірден 25 мамырға 2019 жылы Іс тәжірибе практикасын Өскемен қаласы әкімдігінің Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі коммуналды мемлекеттік мекемесінде өттім.

Менің практикадан жетекшім Жадыра Сергеевна бастауыш сынып ағылшын тілі мұғалімі. Жадыра Сергеевна маған практика кезінде көп көмек көрсетіп, сыныптан тыс іс-шараларды жүргізуде де көмектесті.

Іс тіжәрибе практикасын мен 1«А» сыныбында өтім. 1«А» сыныбының практика жетекшім Жадыра Сергеевна өткізген сабағына қатысып, оқушылардың орындалған тапсырмаларын тексерумен айналыстым. Сабақ жүргізуден басқа мен сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын өткіздім. Практика кезінде мен 1«А» сыныпбына 4 ағылшын тілі сабағын және 2 сыныптан тыс іс-шарамен 1 тәрбие сағатын өткіздім.

1 «А» сыныбен алғашқы

танысу



1 «А» сыныбының сабақ барысында өткен сөздерді ойын арқылы қайталау



Менімен өткізілген сабақтар тізімі:

1. «My family» ағылшын тілі сабағы
2. «My friend»
3. «Кім тапқыр?» сыныптан тыс жұмысы
4. «Animals»
5. «School things»
6. «Әдептілік – әдемілік» тәрбие сағаты
7. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сыныптан тыс жұмысы

Қорытынды

Қорытынтылай келе іс-тәжірибе практикасын өтуден аса қиындықтар туындаған жоқ.

Практика болған уақыт ішінде мен жүйелі түрде сабақ жоспарын жоспарлауды, уақыты үнепдеп, дұрыс қолдануды және оқу материалдарды қолдана алуды үйрендім. Мен алған тағы бір қабілет – ол аудиторияның назарын өзіме аударып, балалардың қызығушылығын оята алу. Практика кезінде балалардың оқуға деген қызығушылығын қайта оятта алғанымға үміттенем. Мектепте өткен практика коллежде оқыған теориялық материалды практикада қолдануды үйрете алды.

Практика мен үшін болашақта тандаған мамандығымды туралы көптеген қызықты және маңызды сәттерін көрсете алды. Балалармен жұмыс істеу өте қызықты әрі ақпаратты болды. Мен өз болашақ мамандығымды дұрыс тандағанымға көзім жетті.

Осы қысқа уақыт ішінде көптеген білім мен ақпараттарға ие болдым. Болашақта оларды сөзсіз қолданып, ары қарай жақсартуға тырысам.

**Назарларыңызға
рақмет**